



★ Педагогикалық шеберлік триумфы: біздің ұстаздар – «Алтын тұғыр» олимпиадасының жүлдегерлері!

31 қазанда бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған жыл сайынғы қалалық «Алтын тұғыр» математика олимпиадасы өтті.

Олимпиаданың мақсаты – педагогтардың кәсіби шеберлігін жетілдіру, шығармашылық әлеуетін дамыту және мұғалім мамандығының мәртебесін арттыру.

Биылғы жылы Көкшетау қаласынан 134 бастауыш сынып мұғалімі қатысып, өз білімдері мен тәжірибесін көрсетті.

№6 мектеп-лицейінің намысын келесі ұстаздар абыроймен қорғады:

Аманжолова А.П., Каженова С.Л., Прокаева Н.С., Жантасова Ж.Ж., Кабенова А.Б.

Қатысушылар арасындағы жоғары деңгейдегі бәсекелестік жағдайында әрбір жетістік ерекше мәнге ие!

🏆 Жүлдегерлерді құттықтаймыз!

№6 мектеп-лицейі үлкен мақтанышпен «Алтын тұғыр» математика олимпиадасының жүлдегерлерін құттықтайды:

🥉 3 орын – Жантасова Ж.Ж., бастауыш сынып мұғалімі

🥉 3 орын – Каженова С.Л., бастауыш сынып мұғалімі

Сонымен қатар, мектеп-лицейіміздің намысын қорғап, олимпиадаға белсене қатысқан: Аманжолова А.П., Прокаева Н.С. және Кабенова А.Б. Олар қатысушы сертификаттарымен марапатталды.

✨ Барлық жүлдегерлер мен қатысушыларға шығармашылық табыс, сарқылмас жігер және отбасылық амандық тілейміз!

Сіздердің еңбектеріңіз – жас ұрпақтың жарқын болашағына қосқан зор үлес!